

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

economy. Proof of this is to include it in the list of basic principles in Article 4 of the Land Code of the RK.

19. The set appropriate legal rules and their interaction to ensure their level of legal relations of mediation fees for the land, the specificity and significance of the specified range of public relations says about the formation of the legal institution of payment for the land, as the rules governing the homogeneous species or whole community of social relations are combined into a single legal institution.

Analysis of current legislation sets before science a number of problematic issues, both theoretical and applied nature: for example, the nature of the interaction and relationship between LC standards and rules of Civil Code, tax and financial legislation as part of the Institute of payment for land, industrial affiliation, structural components, and the last etc. Here we mainly restrict ourselves by legal analysis of the regulatory board of the Institute for the land, an assessment of their social and regulatory capabilities.

References

1. Civil Law. Part One: A Textbook / Red. A.G. Kalpina, A. Maslyayeva., 2nd ed., Revised. and the add. M: Yurist, 2000.-p.27.
2. Erofeev B.V. Land Law: Textbook for Universities / Red. Academician G.V. Chubukova.-M.: New Lawyer, 1998.-p.27.
3. Krassov O.I. Land Law. M. 2007.-S. 42.
4. Khadzhiev A.H. Land Law of the Republic of Kazakhstan.-A., 2002.-p.33.
5. The same. P.36.
6. Kosanov Z.H. Ownership and other rights over land. Astana, 2009.-S. 82.
7. The Land Code of RK
8. Bogoliubov S.A. Land Law. M., 2003.-p.104.
9. T.V. Petrova Legal problems of the economic mechanism of environmental protection. Moscow, 2000.-p.19.

УДК 349.2.5(100)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Сактаганова И.С.

з.ғ.к., ЕҰУ-ның Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,
конституциялық құқығы кафедрасының доценті
Aridnis@mail.ru

Аябекова Маржан Нұрлыбекқызы

marzhan.1994@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 4 курс студенті

Әр адамның қоғам мүшесі ретінде, әлеуметтік жағынан қамсыздандырылуына және оның қадір-қасиеті қолдау табуына, жеке басы еркін кемелденуіне қажетті экономикалық, әлеуметтік және мәдени салалар бойынша құқықтары әрбір мемлекеттің құрылымы мен ресурстарына сай, ұлттық ықпал және халықаралық ынтымақтастық арқылы жүзеге асырылуына құқығы бар. Алайда қоғамдық-экономикалық формациядан тәуелсіз кез-келген қоғамда өздерінің күштері мен өмірсүрудің қаражат көздерін таба алмайтын «енді», яғни қарттар мен «әлі», яғни жасбалалар (К.Маркстің пікірінше) сияқты азаматтардың белгілі бір категориялары әрқашанда бар және бола береді [1, 294 б.].

Әрбір адам тек өзінің еңбегі мен жинақтарының арқасында ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік көмек механизмдерінің көмегімен де қалыпты өмірдең гейін қамтамасыз етуге тырысады. Әлеуметтік қорғау жүйесі мақсаттарының көпшілігі адамдардың табыстарының тұрақтылығын қолдау, медициналық көмек пен қажетті әлеуметтік қызметтерге деген тең қол жетушіліктерді ұсыну мен сипатталады. Бұған дәлел ретінде Қазақстан Республикасының Президенті елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» жалпыға ортақ жаңа саяси бағыт стратегиясында: «Әлеуметтік саясаттың жаңа қағидалары, біріншіден, мемлекет, әсіресе, жаһандық дағдарыс жағдайында, азаматтарға ең төменгі әлеуметтік стандарт кепілдігін беруі тиіс. Басты міндет – кедейшіліктің өсуіне жолбермеу. Кедейшілік ешбір қазақстандық үшін әлеуметтік перспективаға айналмауы керек. Біз өаааматтарымыз үшін экономика мен бюджеттің өсіміне тікелей тәуелді болатын ең төменгі әлеуметтік стандарттар мен кепілдіктер белгілеуіміз керек»[2, 5].

Ұйымдасқан жүйеретінде – ол әлемнің көп теген елдерінде әрекет етеді. Экономикалық дамыған мемлекеттер де әлеуметтік қорғау ұлттық экономиканың құрамдас бөлігі болыпта былады. Оған деген шығындар бүгін де жиынты құлтты көнімінің ширегіне наста мын құрап отыр. Әлеуметтік қамтамасыз етудің неғұрлым дамыған жүйесі Еуропалық одақ елдерінде қалыптасқан. Нақты соларда алғашқы әлеуметтік бағдарламалар дүниеге келіп дамыған. Батыс-еуропалық мемлекеттердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, барлық азаматтарды қамтитын әлеуметтік қорғаудың ойластырылған жүйесінің өмір сүруі олардың тұрмыс жағдайының жақсаруына ғана емес, сонымен бірге елдің еңбек ресурстарын кеңейтеді және нығайтады, әр іелдің экономикалық өсуіне, саяси және әлеуметтік жағдайлардың тұрақтануына ықпал етеді. Сонымен қатар әлеуметтік қорғау қоғам мүшелерінің арасында әлеуметтік қорғалудың жалпы сезімін қамтамасыз ете және әлеуметтік келісімге жағдай жасай отырып, қоғамға позитивті түрде әсер етеді. Сонымен қатар, 1927 жылы 150 елден құралған, құрамына 330 ұйым мүше әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері мен шұғылданатын ұлттық әкімшіліктер мен агенттіктерді біріктіретін «Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығы» атты халықаралық жетекші ұйым құрылған болатын. Бұл да бірнеше мемлекеттің әлеуметтік жағдайының жақсартуға септігін тигізетін бір жүйе болып табылады.

Мемлекеттің ішкі функцияларының арасындағы ең маңыздысы – әлеуметтік функция. Әлеуметтік функция – мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі – халықтың әлеуметтік жағдайын жан-жақты қамтамасыз етіп, жақсы дәрежеде дамыту. Мемлекеттің саясаты екі бағытқа бөлінеді: бірінші бағыты – адамдардың қоғамдағы еңбегіне қарамай мүгедектерге, зейнеткерлерге, науқас адамдарға, көп балалы жанұяға, студенттерге мемлекеттік көлемде жан-жақты көмек жасап, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту; екінші бағыты – адамдардың денсаулығын қорғауға, жақсартуға, мәдениетті дамытуға, халықтың жақсы тұрып, жақсы демалуына қамқорлық жасап, мемлекеттік бюджеттен тиісті мөлшерде қаржы бөліп отыру [3, 63 б.].

Сонымен, әлеуметтік қамсыздандыру дегеніміз-таратушылық қарым-қатынас үрдісінде ұлттық табыстың бір бөлігі есебінен азаматтарды материалдық қамтамасыз ету және қызмет көрсету үшін ақшалай қаражаттардың қоғамдық қорларын құру және пайдалану жүйесі. Кең мағынада әлеуметтік қамсыздандыру қордың құрулы көздерінен және қамтамасыз етуді ұйымдастырудан тәуелсіз қоғамның барлық мүшелерін сәйкес қамсыздандыру. Яғни, 2013жылғы 21 маусымдағы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңы дәлел бола алады[4, 18]. Қазақстан Республикасының Конституциясы Қазақстан Рес-публикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған жалақы мен зейнетақының ең төмен мөлшерлеріне, әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік береді[5, 9]. Мемлекет саясатшылары халықты әлеуметтік – экономикалық жағынан қамтамасыз ете отырып олардың тіршілік деңгейінің жоғарлауына көмектеседі. Ел дамуының әрбір кезеңінде әлеуметтік қамтамасыз ету деңгейі анықталады. Алғашқы дағдарыс жылдары экономиканың және қаражаттың мүмкіншіліктері экономиканың құлдырауының жоғарғы дәрежесімен және өндірістің төмендеуімен сипатталады және жұмыссыздыққа әлеуметтік сфералық даму мүмкіншіліктеріне шек қойылған болатын. Бұл жылдары мемлекеттік өлшемдер қабылданды және азаматтардың өмір сүру деңгейімен халықты

қорғау топтары бұл жағымсыз зардаптарды жұмсартуға бағышталды. 1990 жылдың II-жартысына қарай белсенді саясатшылар экономикалық өсу шегіне алғы шарттар жасады. Жаңа келісім шарттарда әлеуметтік қорғаныс жүйесін реформалауға бағышталған және еңбекке көңіл бөлетін заң шығару орындары жұмысбастылыққа белсенді көмектеседі және зейнетақының жинақты жүзеге асыруға мемлекеттік көмек көрсетеді. Бірақ әлеуметтік реформалардың одан әрі тереңдеуі: кедейшілікке, жұмыссыздыққа, қартаю жағдайларымен, нарықтағы тауар бағасының өсуі салдарынан жаңа бағдарламалар енгізіліп отырады.

Мемлекеттің қолдауымен Қазіргі кезде Қазақстанда әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесі сипатталады. Мемлекеттік қаражат есебінен зейнеткерлерді, мүгедектерді, асыраушысынан айырылғандарды және басқа санаттағы халықтарды әлеуметтік жағынан қамтамасыз етеді.

Бүгінгі күні 3,5 миллионнан астам халықты әлеуметтік жағынан қамтамасыз етеді (немесе халықтың 23,6%).

Мемлекет қоғамның әлжуаз мүшелерін қолдап, жауапкершілікті іс жүзінде асырып отыр. 2013 жылдың 1 қазанына бұл бағытта да облысымызда атқарылған істер аз емес. Мұқтаж жандардың өмір сүру сапасын жақсартуға бюджеттен бөлінетін қаржы көлемі жыл сайын ұлғайып көрсетілетін қызметтердің шоғыры кеңейуде. 2013 жылдың 1 қазанына 86435 адамға 1280,5 млн. теңге мөлшерінде әлеуметтік көмектер көрсетілді. Оның ішінде: Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі №246-ІІ «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңына сәйкес кедейлік шегінен (2013 жылдың III тоқсанына - 7535 теңге) төмен тұратын отбасыларына әлеуметтік көмектер көрсетілуде. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек 4828 адамға 108,4 млн. теңге сомасында төленді. Экономикалық белсенділік, тұрғындар табысының артуы мен әлеуметтік қамсыздандыру саласының дамуы кедейлік деңгейін төмендетуге ықпал етті. Кедейлік деңгейі 2013 жылдың 1 қазанына бұл көрсеткіш 0,2 пайызды құрайды. Қазақстан Республикасының «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Заңына сәйкес орта есеппен жан басына шаққандағы айлық табысы облыс бойынша белгіленген азық-түлік себетінің (2013 жылдың III тоқсанына - 11302 теңге) құнынан төмен отбасылардың 18 жасқа дейінгі балаларына тағайындалып төленеді. 18 жасқа дейінгі балаларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы 41796 балаға 13513 отбасы 507,0 млн. теңге төленді, бұл көрсеткіш 2012 жылмен салыстырғанда 11,6 млн. теңгеге артық.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97 бабына сәйкес тұрғын үй көмегі жергілікті өкілетті органдардың шешімімен бекітілген Ережеге сәйкес төленеді. Аталған ереже бойынша, тұрғын үй көмегі осы елді мекенде тұрақты тұратын және тұрмыстық-коммуналдық қызметтерді тұтыну шығындары белгіленген әлеуметтік нормалары шегінде отбасының жиынтық кірісінің 10 пайыздық үлесінен асқан жағдайда тағайындалады. Тұрмысы төмен отбасыларына тұрғын үй көмегі облысымыздың 10682 отбасына 335,3 млн. теңге мөлшерінде төленді, оның ішінде жеке жер үйде тұратын 9286 отбасына 302,5 млн. теңге төленді. Ауылдық жерде тұратын білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет салаларының 26666 қызметкерлеріне отын сатып алу үшін біржолғы көмекке 231,7 млн. теңге төленді. Мүгедек балаларды үйде тәрбиелеп, оқытатын 2454 отбасына 67,6 млн. теңге көлемінде төленді [6, 4].

Сол себепті мемлекеттік әлеуметтік стандарттардың толық жетілуімен жұмыс басталды. Әлеуметтік қамтамасыз етуде зейнетақылық жүйе ерекше орынға ие болды. Бұл реформалау нәтижесінде елімізде аралас зейнетақылық жүйе қалыптасты. 1,5 миллионнан астам зейнеткерлер ынтымақтастық негізде зейнетақылық төлемдермен қамтамасыз етіледі. Жыл сайын зейнетақы мөлшері өсіп отырады және соңғы жылдары зейнетақылық мөлшердің номинал өсу шегі тұтыну бағаларының көрсеткішін басып озды. «Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңына сәйкес, зейнетақы—уәкілетті ұйымнан, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, зейнетақы төлемдерінің жиынтығы [4,5]. Мемлекет 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнеткерлікке шыққан азаматтарды 1999 жылғы 1

сәуірге дейін зейнетақы төлемдерінің белгіленген мөлшерін сақтай отырып, зейнетақымен қамсыздандыруға кепілдік береді.

Сонымен қатар, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі Орталықтан және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдерін, сондай-ақ мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алуына қарамастан беріледі.

1998 ж. 1 қаңтарында шыққан заңға сәйкес зейнеткерлікке шыққан жұмысшының мүгедектік зейнетақысы осы уақытқа дейінгі еңбек өтілімен еңбек ақысына қарай есептеледі. 1998 жылғы Қазақстан Республикасының «Мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына және жасына байланысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақысы туралы» заңына байланысты, мүгедектерге төленетін көлемі төменгі айлық көрсеткішпен есептеліп отырады.

Атқарушы биліктің талқысына түскен жаңа бағдарлама қоғамымызда әлеуметтік қорғау жөніндегі жауапкершілікті мемлекет, жұмыс беруші және еңбек етуші азамат арасында тең бөлу арқылы елімізде әлеуметтік қамсыздандырудың әділетті әрі қаржылық жағынан мығым үш деңгейлі экономикалық жүйесін құруға бағытталған. Құжатта Президенттің Республикамызда әлеуметтік қорғау деңгейін арттыру туралы идеясы негізге алынған. Соған сәйкес бағдарламаға бүкіл әлемдік принциптер негізі бойынша күнкөріс минимумы сияқты жаңа ұғымдар енгізіліп отыр. Сонымен қатар, соңғы мәліметтерге сүйенер болсақ, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Вице-министрі Светлана Жақыпова атаулы әлеуметтік көмекті есептеудің жаңа тәртіптері жәрдемақы сомасын ұлғайтуға мүмкіндік беру туралы мәлімдеген болатын. Ол ағымдағы жылдың 8 қазанында ҚР Парламенті бес институционалды реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам – Ұлт жоспарының 84-қадамын іске асыру шеңберінде әзірленген «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Заңды қабылдағанын еске салды.

Аталған Заң аясында 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің (бүгінде – 40%) 50%-нан төмен отбасына жұмысқа жарамды отбасы мүшелерінің міндетті түрде қазіргі таңдағы қолданыстағы жұмыспен қамту шараларын алмастыратын белсенді шараларға қатысуымен шартталған атаулы әлеуметтік көмекті (әрі қарай - АӘК) әрбір отбасы мүшесіне көрсетудің жаңа тәртіптерін енгізу қарастырылады:

- көпбалалы отбасыларына арнайы мемлекеттік жәрдемақы (әрі қарай - АМЖ);
- аз қамтылған отбасыларына арналған 18 жасқа дейінгі мемлекеттік балалар жәрдемақысы;
- аз қамтылған үй шаруашылығына берілетін атаулы әлеуметтік көмек.

«АӘК-ны тағайындаудың шектік деңгейін күнкөріс деңгейінің 40%-нан 50%-ға дейін ұлғайту жәрдемақы сомасын көбейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бүгінгі таңда 4 және одан да көп балалары бар отбасылары 8246 теңге көлеміндегі белгіленген АМЖ алады. Заңнамаға енгізілген өзгерістерге сәйкес, 2018 жылдан бастап сәйкес негіздемелері болған жағдайда (отбасы табысы күнкөріс деңгейінен 50%-ға төмен және еңбекке жарамды отбасы мүшелері әлеуметтік келісімшарт жасасқанда) АӘК әрбір балаға беріледі. Осылайша, құрамында 6 адам бар (2 ересек, 4 бала) табыс көзі жоқ отбасы 8246 теңгенің орнына 61326 теңге алатын болады», - деп хабарлады С. Жақыпова.

Сонымен қатар, Вице-министр жаңа үлгідегі АӘК-нің шартсыз және шартты ақшалай көмек болып 2 түрге бөлінетінін атап айтты.

Шартсыз ақшалай көмек құрамында еңбекке жарамсыз мүшелері бар отбасыларына (мәселен, қарт зейнеткерлер мен мүгедектер отбасы) немесе еңбекке жарамды мүшелері еңбекпен қамту шараларына объективті себептермен қатыса алмайтын отбасыларына (мысалы, мектеп жасындағы балалары бар жалғызбасты ана) беріледі. Мұндай отбасыларынан жәрдемақы алуы үшін жұмыспен қамту шараларына міндетті түрде қатысу талап етілмейді.

Шартты ақшалай көмек құрамында еңбекке жарамды кем дегенде бір мүшесі бар отбасына әлеуметтік келісімшарт жасасқан жағдайда, сонымен қатар, отбасының барлық еңбекке жарамды мүшелері жұмыспен қамту шараларына міндетті түрде қатысқан жағдайда беріледі.

Әлеуметтік келісімшартқа қол қоя отырып, тараптар өзара жауапкершілікті мойындарына алады: әлеуметтік қызметтер жұмыспен қамту шараларын қарастырып, жәрдемақы төлесе, отбасының еңбекке жарамды мүшелері жұмыспен қамту шараларына адал ниетпен қатысады.

«Тұлғаларға тектен тек ақшалай көмек ұсынылмайды, оған жұмысқа орналасуға көмек беріледі, қайта даярлау мен кәсіби біліктілігін арттыру үшін әртүрлі курстарға жіберіледі. Осылайша, отбасының кедейлік жағдайынан шығу мүмкіндігі ынталандырылады» - деді С. Жақыпова.

Сондай-ақ, 2018 жылдың 1 қаңтарынан енгізілетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақыдағы өзгерістері келесі мәселелерді қарастырады:

- ҰОС мүгедектері мен қатысушылары, қарт адамдар, тыл еңбеккерлері (барлығы 14 азаматтар санаты) тәрідес санаттағы азаматтарға арнайы мемлекеттік жәрдемақыны сақтау;

- «Алтын алқа», «Күміс алқа», бұрындары «Батыр ана» атағын алғандар, I және II дәрежелі «Аналық даңқ» орденімен марапатталған көпбалалы аналар үшін АМЖ-ны «Балалары бар отбасыларына арналған мемлекеттік жәрдемақы туралы» Заңымен реттелетін көпбалалы аналарға арналған жәрдемақыға өзгерту.

- Мүгедектерге арналған арнайы мемлекеттік жәрдемақыны мүгедектік бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақымен біріктіру.

«Бұл жәрдемақы тағайындау процедураларын жеңілдетеді. Аталған шараларды қолдану мүгедектердің құқығын шектемейді, өйткені, төленетін жәрдемақы көлемі азаймайды. Мүгедектік бойынша төленетін мемлекеттік жәрдемақы қазіргі таңдағы АМЖ сомасына ұлғайтылатын болады», - деп түсіндірді Вице-министр.

Заң жобасын жүзеге асыру 2018 жылы республикалық бюджеттен 11,8 млрд.теңге көлеміндегі қосымша қаржыны талап етеді.

Қазақстан Республикасында азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады. Заңда көрсетілген санаттағы мұқтаж азаматтарға тұрғын үй заңмен белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорларынан олардың шама-шарқы көтеретін ақыға беріледі[5,5]. Демек, Қазақстан Республикасының Конституциясының 25 бабында көрсетілгендей мұқтаж азаматтарды қамтамасыз етуде мемлекеттің атқарар рөлі зор.

Сонымен, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың баршамызға мәлім, «Қазақстан-2050 жалпыға ортақ стратегиясы» атты жолдауында әлеуметтік жағдайға байланысты сұрақтарға аз көңіл бөлінген жоқ: Мамандандыру және ХХІ ғасыр деңгейінде кәсіби оқыту, аналар мен балаларды қорғауға алу, тұрғын үй мәселесі, денсаулық сақтау, еңбекақы, зейнетақы, степендия және басқа да көптеген аспектілер мемлекеттік 2005-2007 ж.ж. әлеуметтік реформа жоспары бойынша жүзеге асырылады.

Біз ҚР-ның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауын және оның жүргізіп отырған саясатын қолдаймыз.

Сонымен, сипатталған Департамент және оның бөлімдері бір мақсатты көздейді: экономиканың қажеттілігіне сәйкес еңбек ресурстарын дамыту, еңбек нарығында тиімді жұмыспен қамту, экономикалық өсімді ынталандыру, өмір сүру деңгейін арттыру.

Осылай көмек көрсету нәтижесінде 2014 жылдың наурыз айында жұмыспен қамту өкілетті орталығына 5 мыңдай адам жолыққан болса, соның 3521 қоғамдық жұмысқа орналасса, осы жылы кәсіби оқыту және қайта даярлауға жоспарланған 1200 адамның 393-і тартылды.

Яғни, мұның қорытындысы халықты жұмыспен қамту облыс тұрғындарының өмір сүру деңгейіне тікелей әсер ететін ең өзекті факторларының бірі.

Бүкіл дүниежүзілік банктің жіктемесі бойынша қазіргі уақытта Қазақстан кірісі орта деңгейдегі елдердің тобына кіреді. Егер өмір сапасының негізгі көрсеткіштерін салыстыратын болсақ, онда соңғы он жылда қазақстандықтардың орташа ақшалай кірісі 5 есе; ал орта айлық жалақысы 6 есеге жуық; ең төменгі жалақы 25 есе; зейнетақылардың орташа айлық мөлшері 4,6 есе; жеке тұлғалардың банктердегі депозиттері мен бір кісіге келетін салымдардың көлемі тиісінше 35 және 37 есе өскенін көреміз. Экономикамыздың қарқынды өсуі мемлекеттік шығыстардың әлеуметтік бағдарлануын едәуір кеңейтуге мүмкіндік берді, мұның өзі экономикамыздың айтарлықтай бекемдік деңгейіне жеткенін айғақтайды.

Біздің Елбасымыз алдымызға анық та айқын мақсат қоя білді деп ойлаймыз. Біз жақсы өмір сүргіміз келеді, біз еркіндікке ұмтыламыз, біз бәрінен де бұрын болашақ балаларымыз бен немерелеріміздің лайықты өмір сүруін қалаймыз.

Биылғы жылдан бастап, мемлекетіміз әлеуметтік қамсыздандырудың идеологиясының барынша қарапайым үш деңгейлік жүйесін қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік реформаларды тереңдетудің үш жылдық бағдарламасын қолға алуда. Біріншісі, бұл мемлекет кепілдік беретін негізгі әлеуметтік төлемдер. Екіншісі, бұл міндетті әлеуметтік сақтандыру. Ақыр аяғында, бұл кейіннен әлеуметтік төлемдерге айналатын азаматтардың ерікті жинақтаулары. Міне осындай үш бастау азаматтарымыздың қарттық кезеңін лайығымен қамсыздандыруға тиісті жағдай туғызды.

Қорыта айтқанда Қазақстан болашағы айқын. Оны ел басы жыл сайын өз Жолдауында нақтылап беріп отыр. Президент белгілеген стратегиялық жоспарды іс-жүзінде асыру- бүгінгі іс басындағы әр еңбек етуші азаматтардың қолында. Әр басшы, әр мемлекеттік қызметкер, сала басшылары белсенділік танытып Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын жақсарту жолында іскерлік танытатынына сеніміміз мол.

Күнделікті жұмыс бабында Қазақстан халқы арасында жаңа әлеуметтік жүйені түсіндіру бөлімнің барлық мемлекеттік қызметшілерінің басты міндеті болып саналса және осы бағытта табанды жұмыстар жүргізілсе ол үшін барлық мүмкіндіктер газет беттерінде, тұрғындар жиындарында айтылса игі болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Оразғалиева А.Қ. Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің теориялық аспектілері // Мақалалар жинағы, 2006. – Б. 294-299.

2. Н.Ә. Назарбаев/«Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.-Астана, 2012жыл 14 желтоқсан <http://www.inform.kz/kaz/article/2518877>

3. Жоламан Қ.Д., Мұхтарова А.Қ., Тәукелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы: Білім, 1999. – 451 б.

4. 2013 жылғы 21 маусымдағы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000105#z783>

5. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жыл 30 тамыз

6. Жақыпова С. Атаулы әлеуметтік көмекті есептеудің жаңа тәртіптері жәрдемақы сомасын ұлғайтуға мүмкіндік береді// сұхбат, 2015 жыл 12 қазан.

БЮДЖЕТ ПРОЦЕСІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сактаганова И.С.

з.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ның Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,
Конституциялық құқығы кафедрасының доценті
Aridnis@mail.ru

Қырғызбай Н.Е.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ның заң факультетінің 1 курс магистранты
gabit.nazerke@mail.ru

Мемлекетке экономикалық және әлеуметтік реттеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін маңызды механизмдердің бірі – қаржылық механизм, оның маңызды буыны мемлекеттік бюджет болып табылады. Мемлекет дәл осы қаржы жүйесі арқылы мемлекеттік органдарға жүктелген функцияларды жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, орталықтандырылған ақша құралдарын құрады және орталықтандырылмаған ақша қорларының қалыптасуына әсер етеді.